В казахской академии спорта и туризма для большего физического и интеллектуального развития спортсменов была сформирована научная группа. Обьединив свои знания и умения кафедры анатомии, физиологии, спортивной медицины и борьбы проводят исследовательские научные работы для дальнейшего совершенствования возможностей профессионального развития студентов. По инициативе департамента науки, послевузовского образования и международных связей была сформированна научная студенческая группа, которую курируют преподаватели кафедр анатомии, физиологии, спортивной медицины и борьбы. В качестве исследователей выступают студенты по специальности ЛФК и массаж, а роль испытуемых взяли студенты кафедры борьбы. Исследования проводятся в динамике тренировочного процесса борцов, где фиксируются изменения анатомо-физиологических показателей (пульсометрия, тонометрия, спирометрия), а также проводятся восстановительные мероприятия после тренировок (ЛФК и массаж). Результатом данного исследования является выяснение слабых и сильных сторон спортсменов, позже с помощью преподавателей и тренеров проводятся специальные работы по решению образовавшихся проблем. Такая форма организации научной работы студентов способствует овладению навыками исследовательской работы и совершенствованию профессиональной подготовки будущих специалистов.





Қазақ спорт және туризм академиясының спорттық ойындар кафедрасының бастамасымен волейболдан КазСТА біріншілігі өтті. Тартысты ойында академияның нәзік жандылары мен ерлер командасы бақ сынасты.

Бүгінгі таңда академия волейболшылары талай түрлі жарыстарға қатысып, ел мерейін асқақтатып жүр. Желтоқсанның екісі күні ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай ҚазСТА студенттері арасында волейбол турнирі өтті. Айналмалы жүйе бойынша өткен бәсекеде қыздар арасында 1-курс студенттерінен құралған «Феникс» тобы III орынды місе тұтты. Ал өздерін «331 команда» деп атаған 2 курс студент-қыздары жеңіске бір табан жетпей қалды. Олар екінші орын иеленді. Ал 4 курстан құралған «Олимп» командасы атына заты сай болып, жеңіс жолында аянбай тартысты ойын көрсетті. Қарсылақ шақ келтірмеген «Олимп» волейболшы қыздары жеңіс тұғырының ең биік сатысынан көрінді. Ал жігіттер арасындағы волейбол турниріне 12 команда қатысты. Олар айналмалы жүйе бойынша бас жүлдені сарапқа салды. Өзара 3 топқа бөлінген волейболшылар арасынан А тобынан «Смурфики», Б тобынан «Райымбек», В тобынан «Ұшқын» командалары оза шапты. Осы үштік енді айналмалы ойында өзара ең мықтыны анықтады. Сонымен, 4 курс студенттерінен құралған «Смурфики» жігіттер командасы қола жүлдегер атанса, ал «Ұшқын» командасы II орынға тұрақтады. Ал «Райымбек» құрамысының жігіттері алтыннан алқа тағынып, турнир жеңімпазы атанды.



# Василий Жиров қазақ спортының қара шаңырағында



Қыркүйек айында Қазақ спорт және туризм академиясында бокс және ауыр атлетика кафедрасының ұйымдастыруымен боксшы, еңбек сіңірген спорт шебері, Олимпиада ойындарының чемпионы, Баркер кубогының иегері, Парасат орденінің кавалері Василий Жировпен кездесу өтті. Отанымызды әлемге әйгілі еткен спортшымен кездесуге ауыр атлетика және бокс кафедрасының студенттері мен ұстаздар қауымы қатысты. Іс-шара барысында студенттер тарапынан көптеген сұрақтар қойылып, жас спортшыларымыз емін-еркін тілдесіп, әңгіме өрбітті. Өзінің өмірі және түрлі сайыстардағы жеңістері туралы айтты. Қазіргі жастардың алғырлығы мен патриоттық сезімі жоғары екенін атап өтіп, осынау биік дәрежеге еңбек арқылы жеткенін баяндап, жастарды салауатты өмір салтын ұстануға, спортпен айналысуға, тәртіпке бағынуға және үлкенді сыйлауға шақырды. Кездесуге қатысқан белсенді студенттер сұрақтарын қойып, өз пікірлерін білдіріп, В. Жировпен танымды сұхбат жүргізді.

Жиын соңында қатысушылар боксшыға көкейлеріндегі сұрақтарын қойып, спорттық ғұмырына сәттілік тіледі. Айта кетейік, боксшы АҚШ- қа қоныс аударған болатын. Осы кездесуде болашақта елге қайта оралуды жоспарлап жүргенін айтып өтті.

# БОКСТАН ҚР СТУДЕНТТЕР ҚҰРАМАСЫ ЧИАНГМАЙДА ӨТКЕН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНДА ҮШІНШІ ОРЫНҒА ТАБАН ТІРЕДІ.

Қазақ спорт және туризм академиясының бокс және ауыр атлетика кафедрасының меңгерушісі Мұстафа Қасымбеков бастаған топ Тайландтың Чиангмай қаласында 22 мемлекет арасында өткен студенттер арасындағы әлем біріншілігінде Қазақстанның ерлер құрамасы сапында қатысып, 3 алтын, 1 күміс және 2 қола медальді олжалап, жалпы командалық есепте үшінші орынға табан тіреді.

Осылайша, тағы бір байрақты бәсекеде өздерінің мықтылығын мойындатқан Академияның былғары қолғап шеберлері жанкүйерлерді қуаныш пен шаттыққа бөледі.

69 келі салмақта өнер көрсеткен Академия студенті Бекболат Құрамысов та бұл жарысты өте қарқынды бастады. Алғашында Тай елінің өкілі Бунжонг Синсир мен швейцариялық Енгоз Балигажды тас-талқан еткен Академия түлегі, Қ.Р.Е.С.Ж. Дастан Сәдуақасовтың шәкірті шешуші тұста Ресей боксшысы Харитон Агрбаға есе жіберіп, күміс медальді мойнына ілді. Сондай-ақ Ертуған Зейнуллинов (56 келі) пен Рахат Мыржықбаев (75 келі) қола медаль иеленді.

***– Бұл жарысқа біз республикамыздың әр өңіріндегі жоғары оқу орындарында оқитын ең үздік боксшыларды апардық. Олардың барлығының да бабы жақсы екеніне көз жеткізгеннен кейін бірден Тайландқа тарттық. Сол жақта соңғы даярлық жұмыстарын пысықтап, жарыс жолына шықтық. Ел сенімін арқалаған 9 жігітіміздің тек үшеуі ғана жеңіс тұғырына көтеріле алған жоқ. Қалған өрендеріміз бәсеке барысында өздерін жақсы қырларынан көрсетіп, олжаға кенелді. Әсіресе, қарсылас шыдатпай бас жүлдені қанжығасына байлаған Дидар Өтелбаев, Әли Ахмедовтің өнеріне ерекше риза болдым. Сонымен қатар жүлдегерлер санатына қосылған Бекболат Құрамысов, Ертуған Зейнуллиновқа алғыс айтқым келеді. Олар да елдің елдігі сынға түскен сәтте барын салып жұдырықтасты. Осы орайда бізге қолдау көрсеткен Қазақтың Спорт және туризм академиясының ректоры Қайрат Зәкириянов пен Атырау облысы бокс федерациясының вице-президенті Сәрсенбай Торғаевқа ерекше ризашылығымызды білдіргім келеді осы кезде ҚазСТА бокс және ауыр атлетика кафедрасының аға оқытушысы Дастан Сәдуақасовты атап өткенім жөн болар, себебі, боксшыларды дайындап, осы дәрежеге жеткізген бірден-бір адам, – дейді Мұстафа Қасымбеков.***

Естеріңізге сала кетейік, бұған дейін студенттер арасындағы әлем чемпионатының жалауы алты мәрте желбіреді. 2004 жылы Анталияда тұсауы кесілген айтулы жарыстан Қазақстан құрамасының қоржыны бос қайтқан еді. Есесіне, 2006 жылы Алматыда ұйымдастырылған дүбірлі додада мол олжаға кенелдік. Балуан Шолақ атындағы спорт кешенінде өткен бәсекеде жерлестеріміз 6 алтын, 2 күміс және 3 қола медальді олжалап, командалық есепте көш бастады. Содан бергі кездері де қанжығамыз сан мәрте майланғанымен, ары кеткенде екі алтын бұйырған еді. Ал бұл жолы Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген жаттықтырушы Дастан Сәдуақасов бастап апарған Қазақ елінің студенттер командасы толағай табысқа қол жеткізіп, үздік үштіктің қатарынан көрінді. Алдымызда – тек Тайланд пен Ресей құрамалары.





Поздравляем Казахскую академию спорта и туризма (КазАСТ) в связи с тем что в соответствии с программой Европейского научно-промышленного консорциума (ESIC) и национальной программой Российской Академии Естествознания был проведен международный конкурс «Золотой фонд отечественной науки», в котором приняла участие кафедра "Туризма и сервиса". Конкурс на звание «Золотая кафедра России» проводится ежегодно. При определении победителей учитывается образовательная, научная, методическая и воспитательная работа, проводимая соискателями.

10 октября 2016 года в г. Сочи, во время проведения Международной научной конференции «Перспективы развития вузовской науки», были подведены итоги конкурса, по результатам которого, разработанная Казахской академией спорта и туризма Образовательная программа по специальности 5В090200 «Туризм» награждена Золотой медалью «Европейское качество» (Gold medal «European Quality»), а кафедра туризма и сервиса КазАСТ удостоена звания «Золотая кафедра РОССИИ».

На нашем факультете работает высококвалифицированный профессорско-преподавательский состав, опытные педагоги-тренеры, инструкторы по туризму и скалолазанию.

Для наших студентов имеется туристско-спортивная база: стадионы, тренажерный зал, плавательный бассейн, скалодром, зона отдыха на берегу Капшагайского водохранилища, туристско-спортивные базы «Горельник» и «Каймар» в Талгарском районе.

Студенты обеспечиваются личным и групповым туристским снаряжением для прохождения учебно-тренировочных походов, а также предоставляются горные велосипеды, водное снаряжение для совершение категорийных походов.

Студенты факультета туризма имеют возможность прохождения международной практики в США, Турции, ОАЭ, Китае, Испании, России, Кореи, Республике Кипр, Аргентине, Монголии, Беларусь, Латвии и др. Казахская академия спорта и туризма имеет 47 подписанных договоров о сотрудничестве в области туризма, ресторанного дела и гостиничного бизнеса с вузами Казахстана, дальнего зарубежья, странами СНГ и Балтии.

На факультете туризма совместно с "Казахстанской туристской ассоциацией" ведется подготовка экскурсоводов и инструкторов туризма. Благодарим вас за то, что вы выиграли такую номинацию, которая имеет такую высокую роль для нашей академии.

Достичь победу сложно, но еще сложнее удержать эту победу!

***ФТ 4-1, Сахариева Т.***

# «SKALA OPEN» спорттық құзға өрмелеу жарысы

**Алматы қаласының күніне орай, қыркүйек айының 24-25 күндері Алматы қаласының «SKALA» скаладромында, «SKALA OPEN» құзға өрмелеу спорттық жарысы жасөспірімдер арасында өтті. Бұл жарысқа 100-ге жуық жасөспірімдер арасындағы спортшылар қатысты. Барлығыда бір-бірінен өткен шебер болды. Академиямыздың Қазақ денешынықтыру, туризм және сервис колледжінен «Туризм» мамандығының 4 курс студенті Николенко Ангелина өзінің бағын сынап, осы құзға өрмелеу спорттық жарысына қатысты. Ол шеберлігін 1998-2001 жылдар аралығындағы жасөспірмдердің арасында көрсетіп, «қиындық» кезеңі бойынша I орынға иеленсе, ал «жылдамдық» кезеңінде II орынды жеңіп алды. Ангелинаны жеңісімен құттықтаймыз! Жас болсада өзінің қайсар мінезімен, алға қойған мақсатына жетуді көздеген Ангелинаға: «осы алған бетіңнен қайтпай, қиындықтарға еш мойымай, биік-биік белестерді бағындыруыңа тілектеспіз демекпіз. Сенің жеңісің біздің де жеңісіміз!».**

***Туризм факультетінің магистрі, оқытушысы Турсагулов Б.Б.***

# ЖОО арасында ұлттық спорт түрлерінен қалалық жарыс өтті

*Қазан айының 5 күні Алматы қаласы жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарманың бастамасымен Ел тәуелсіздігінің 25 жылдығы мен Алматы қаласының 1000 жылдығы және Тұңғыш Президент күніне орай "ALMATY YOUTH AWARDS" жобасы шеңберінде Қазақ спорт және туризм академиясының ұйымдастыруымен Алматы қаласы ЖОО Жастар ісі жөніндегі комитеттерінің ұйымы "G 38" мүшелерінің қатысуымен Ұлттық спорт ойын түрлерінен (Қол күресі, қазақша күрес, тоғыз құмалақ, арқан тартыс,асық -ату) қалалық жарыс өтті. Қалалық жарысқа ҚазСТА-ның Ұлттық спорт түрлері кафедрасының кафедра меңгерушісі – Мұхиддинов Ерғали Мұхиддинұлы, ҚР еңбек сіңірген төреші, ҚазСТА-ның аға оқытушысы Өтенов Нұржан Оралханұлы және Алматы қаласы жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма, «ALMATY YOUTH AWARDS» жоба жетекшісі Сандыбаева Сандуғаш Қалжанқызы келіп құттықтау сөзін сөйлеп жарыстың ашылуына ат салысты.*

**Жарысқа 12 ЖОО –ның командалары қатысып жүлделі орындарға иеленді.**

Қол күресінен:
1-орын Нұрманов И.( ҚазСТА)
2- орын Назарбек Ш.(ҚӘИ)
3-орын Тілеубаев А.( ҚазҰМУ)

Қазақ күресі:
1-орын Умиржанов Е. (ҚазСТА)
2- орын Мұхамедола А.(пед.кол.)
3- орын Бектияров Б. (Нұр-Мұбарак)

Асық ату:
1- орын Бақтай П.(ҚРМУ)
2- орын Әбуәли Ғ.( АТУ)
3- орын Бөлтірік М.(Нұр-Мұбарак)

Тоғыз құмалақ:
1-орын Нагимова А.( ҚазҰУ)
2- орын Ақбарова Қ. (ҚазНАУ)
3-орын Сағатбек Д.(ОАУ)

Арқан тарту:
1-орын ҚазСТА
2- орын ҚӘИ
3-орын Нұр-Мұбарак

Жалпы командалық есеппен:
1-орын ҚазСТА
2- орын ҚӘИ
3-орын Нұр-Мұбарак

*Жарыстың соңын шағын концерттік бағдарламамен жалғастырдық.*







***Жастар ісі жөніндегі Департаментінің маманы Бағжан Үсен***



Студенттер – кез келген жоғары оқу орнының айнасы. Білім ошағының мәртебесін көтеретін де ол – студент. Озат оқуымен қатар, академия өміріне атсалысып, белсенділік танытып жүрген жастарымыз жетерлік. Сондай студенттердің басын қосып, Академия Президентінің тікелей қолдауымен жастар ісі жөніндегі департамент құрылған болатын. Бүгін де бұл бөлімнің мақсаты айқын, межесі биік. Жастар ісі жөніндегі департамент тағы да академияның мерейін асқақтатып, абыройын көтерді. Өмірбек Жолдасбеков атындағы студенттер сарайында Алматы қаласы жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай өткен "ALMATY YOUTH AWARDS" жобасы аясында Алматы қаласы белсенді жастарының үздіктерін марапаттады. Байқау оңтүстік астанадағы 38 жоғары оқу орындарының жастар ісі жөніндегі департаменттің арасында өтті. Жоба шарты бойынша, әрбір білім ордасы ұлы тұлғалармен кездесулер, семинар-тренинг, шебірлік сабақтары және қалалық жарыстарды жоғары деңгейде ұйымдастыру керек. 38 білім ошағының 19ның ғана жұмыстары жоғары нәтиже көрсетті. Түрлі номинациялар бойынша үздіктер анықталды. Олардың қатарында Жүргенев атындағы қазақ өнер академиясы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті бар. Ал үнемі үздіктер қатарынан табылатын Қазақ спорт және туризм академиясы бұл жолы да жеңіс тұғырында. Жастар ісі жөніндегі департаменттің атқарылған шаруалары жоғары бағаланып, «Ең үздік іс-шара» номинациясына ие болды. Міне, «еңбек түбі-береке» деген қазақтың осы бір сөзі біздің академия жастарына арналғандай. Ал бұл – студенттердің тек спортшы ғана емес, олардың қоғаммен байланыс орнатуда жаңа қырынан танылуына себепкер болып жүрген, студенттердің көшбасшысы Абдинур Сұлтанғалиевтың тың идеяларға толы жоспарларының нәтижесі десек артық айтқандық емес.

**2016 жылы 20-22 қазан аралығында Шымкент қаласында қазақтың даңқты балуаны Қажымұқан Мұңайтпасұлын еске алуға арналған қазақ күресінен ересектер арасында халықаралық турнир өтті. Халықаралық турнирде ҚазСТА-ның Ұлттық спорт түрлері кафедрасының студенттері де бақ сынып, 4 курс студенті Төленбай Қасым 66кг салмақта 1-орын, 4 курс студенті Ерғалиев Еламан 100 кг салмақта 2-орын және «Түйе балуан» жарысында» 3 орын иеленіп жеңіспен оралды.**

**Спортшыларды жеткен жетістіктерімен құттықтаймыз!**



# Семейде самбо саңлақтары сұрыпталды

ШҚО Семей қаласында 20-22 қазан аралығында Қабанбай батыр мемориалы самбо күресінен Қазақстан Республикасының кубогы өтті. Қазақ спорт және туризм академиясыың атынан бақ сынаған 7 студент жүлделі орындарды иеленді. Олар:күрес кафедрасының 3-курс студенті Еркебұлан Қалеш 1-орын, 3-курс студенті Дурсун Хасен-Оглы 2-орын, 2-курс студенті Арнур Қуатай 3-орын, 4-курс студенті Аэлита Щербакова 1-орын, 4-курс студенті Тоғжан Қуанова 2-орын, 4-курс студенті Айгерім Толемгенова 3- орын иеленді.

**Академияға жеңіс сыйлаған спортшыларымызға тек сәттілік тілеп, жеңістерімен құттықтаймыз!**

***2016 жылдың 25-28 қазанда Астана қаласында Таеквондодан (WTF) ерлер және әйелдер арасындағы Қазақстан Республикасы Чемпионатында Ұлттық спорт түрлері кафедрасының студенттерінің жеткен жетістіктерімен құттықтаймыз!***

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1.Жапаров Р. | 4 курс | 1 орын | +87 кг |
| 2.Серікбаев Ә. | 3 курс | 1 орын | 63 кг |
| 3.Щелков А. | 3 курс | 1 орын | пумсэ бойынша |
| 4.Мамаев Н. | Магистрант | 2 орын | 68 кг |
| 5.Абылхас Е. | 3 курс | 2 орын | 74 кг |
| 6.Теңізбаев А | 4 курс | 2 орын | 80 кг |
| 7.Әділханов Р. | 1 курс | 2 орын | 87 кг |
| 8.Жақсылық Б. | 3 курс | 3 орын | 74 кг |
| 9.Рыспаев О. | 3 курс | 3 орын | пумсэ бойынша |
| 10.Мухаметжанова М. | 2 курс | 3 орын | 67 кг |
| 11.Харлампиев Р. | 1 курс | 3 орын | 63 кг |
| 12.Қайржанова М. | 1 курс | 3 орын | 67 кг |

# Спортсмены КазАСТ на татами г. Кызылорды

С 16 по 19 ноября в г. Кызылорда проходил чемпионат Казахстана по дзюдо среди мужчин и женщин. В чемпионате приняли участие свыше 400 спортсменов из 14-ти областей и городов Алматы и Астаны.

Честь Казахской академии спорта и туризма приехали защищать 28 дзюдоистов и дзюдоисток. Из них победителями и призерами стали :

-Альмуханбетова Гульдана (4 курс,52кг)-2 место
-Ибраев Рустам(магистрант,60кг)-3 место
-Мауленин Абильхаир(магистрант,66кг)-3 место
-Сюинбай Нурлыхан(4 курс,73кг)-3 место
-Кашкын Жанар(3 курс,70кг)-2 место
-Раифова Зарина(преподаватель,78кг)-3 место
-Туршабек Нурганым(2 курс,+78кг)-3 место
-Ергалиев Еламан(4 курс ,+100кг)-2 место
-Кусакбаева Бакыт(3 курс,57кг)-5 место
-Щербакова Аэлита(4 курс,70кг)-5 место

Следует отметить успешное выступление выпускников КазАСТ , тренирующихся на кафедре борьбы : Иссанову Гульжан ,занявшую 1 место в весовой категории +78 кг.(выпускница магистратуры 2015 года) и Кубашеву Назгуль занявшую 2 место в весовой категории до 57 кг. (выпускница 2016 года)

Достойно выступили и другие выпускники КазАСТ:

-Кыргызбаев Гусман(60кг)-3 место
-Кыргызбаев Гумар(66кг)-2 место
-Сакенулы Ерасыл(73кг)-3 место
-Кударова Динара(70кг)-3 место
-Калкаманулы Азиз(81кг)-2 место

Все вышеперечисленные спортсмены вошли в состав взрослой сборной команды Республики Казахстан по дзюдо. Пожелаем им успешного выступления на основных стартах 2017 года : Чемпионате Мира в г. Будапешт , Всемирной Летней Универсиаде в г.Тайпей и Чемпионате Азии в г. Гонконге.

***Студентка 4 курса ФПСЕ 4-9 Аэлита Щербакова***







2016 жылдың 22 карашасында Алматы қаласының Алатау ауданының әкімдігімен 1986 жылдың желтоқсан оқиғасына қатысушысы Қайрат Рысқұлбековтің бауыры АҚ «Желтоқсан Рухының» төрағасы Талғат Ноғайбайұлы Рысқұлбековпен кездесу ұйымдастырылды. Кездесу Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл және 1986 жылдың Желтоқсан оқиғасына 30 жыл толуына орай өтті. Біздің мақсатымыз – адамдардың құрбандығымен жеткен Тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтау. Біздің қасиетті борышымыз - ата-бабамыздың мұра етіп қалдырған шексіз жерін және Қазақстанның рухани байлығын келесі ұрпаққа жеткізу. Біз 1986 жылдың желтоқсанында өз Отанының тәуелсіздігі үшін күрескендерді жадымызда сақтаймыз.

Кездесудің модераторлары: ҚазСТА тәрбие және бұқаралық спорт проректоры М.З. Есқалиев және тарих пәнінің мұғалімі Қ. Жанғанатова.

Желтоқсан көтерілісінің бас құрбаны болған Рысқұлбеков еліміз егемендік алғаннан кейін Қазақстан Жоғарғы Соты Пленумының 1992 жылы 21 ақпандағы шешімімен толықтай ақталды. Оған «Халық қаһарманы» атағы берілді. Тараз қаласында Рысқұлбеков есімімен аталатын демалыс паркі бар. Сондай-ақ онда Рысқұлбековке ескерткіш қойылған.

# ФОРУМ МОЛОДЕЖИ АЛМАЛИНСКОГО РАЙОНА - ТОРЖЕСТВО МОЛОДОСТИ И НЕЗАВИСИМОСТИ!







30 ноября при поддержке аппарата акима Алмалинского района в Алматинском технологическом университете состоялся Форум молодёжи Алмалинского района, посвящённый Дню Первого Президента.

На форуме приняли участие аким района Жасулан Токкожаевич Естенов, друзья детства Первого Президента, руководители высших учебных заведений и студенческая молодежь Алмалинского района.

«Каждый из вас хорош в учебе, науке. Кто-то – в спорте, в творчестве. Именно на ваших достижениях строится успех государства. И сегодня перед вами открыты все двери, все возможности, и созданы все условия», – обратился к присутствующей молодежи Жасулан Токкожаевич.

Главная цель прошедшего мероприятия – донесения до подрастающего поколения особой роли главы государства в становлении Казахстанской Независимости, и огромной роли Президента в достижениях отечественных спортсменов на международной арене. За годы Независимости Флаг нашей страны, неоднократно поднимался на пьедесталах почета Олимпийских игр, чемпионатов мира и континентальных первенств. Каждые четыре года Казахстанские атлеты становятся обладателями медалей высшего достоинства Олимпийских игр. Всего за 25 лет – казахстанские боксеры стали Обладателями 3 Кубков Вэла Баркера, что является феноменальным результатом.

Посетивший данное мероприятие Олимпийский чемпион в Сиднее, Заслуженный Мастер Спорта РК по боксу Ермахан Ибраимов рассказал о достижениях нашего молодого государства через призму спортивных побед, и торжественно передал Флаг Казахстана студентам Казахской Академии спорта и туризма.

# "ТІЛ ДАРЫН - 2016"

**Расширение знания студентов о языках и воспитание чувства патриотизма! Таковы главные посылы прошедшего в стенах Казахской Академии Спорта и Туризма в Алматы ежегодного фестиваля «Тіл Дарын 2016», посвященного 25-летию Независимости Республики Казахстан и 1000-летию празднования города Алматы.**





Фестиваль «Тіл Дарын» - это интересное и увлекательное мероприятие, прошедшее в формате викторины. Главная цель мероприятия – расширить знания студентов и языках, воспитание чувства патриотизма и любви к родине через культуру речевого общения. Участники фестиваля разделились на три факультета, которые представили презентации о факультетах на трех языках, составили видео вопросы о достижениях Казахской Академии Спорта и туризма, Олимпийских чемпионах, а также Республики в целом. Со сцены актового зала, из уст исполнителей звучали стихи и песни, а также танцы народов Казахстана. По словам участником прошедшего события, мероприятие получилось познавательным, интеллектуальным, спортивным и развлекательным.

# Қазақ спортының қара шаңырағы ҚазСТА!

Ұлы қазақ даласының жүрегі Алматы қаласының төрінен орын теуіп шаңырақ көтерген «Қазақ спорт және туризм академиясына» биыл 72 жыл толып отыр. Бұл білім ордасы жастарға білім беріп талай талантты шәкірттерді ұшырды. Қазақстан дамыған мемлекеттер қатарында дамып келеді. Әлем халықтары арасында беделді. Еліміздің осындай үлкен жетістіктерге жетуіне біздің академиямыз да өз үлесін қосып келеді. Көпжылдық тарихы бар академиямыз бәсекеге қабілетті мамандар дайындауда танымал болды. Бүгінде академиямыздың студенттеріне қойылатын талаптар өте жоғары. Ғылыми жетістіктерді оқу барысында жылдам және тиімді енгізу, оқу үрдісін ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметтің барлық түрін ұштастыру арқылы дамытып, үздіксіз еңбек етудің арқасында академия 2015 жылы «Әлемнің үздік оқу ордасы» атағына ие болды. Біздің академия қабырғасында елеулі жеткен жетістіктерімізді айта кетсек: 2016 жылы 3-8 маусым аралығында Қапшағай қаласынан бастап Іле өзенімен Тамғалы-Тас-Бақанас ауылы маршруты бойынша 150 шақырым жүріп өтті. Мұнда атап өтетіні І – дәрежелі туристтік-спорттық су жорығына қатыстым. Маған осы жорықта жетекшіміз Еспенбетов Нұркелді, Иргебаев Мақсат



ағайлардың үлкен көмегі болды. Ал ІІ – ші жорығымыз 2016 жылдың 11-15 маусым аралығында Алматы қаласынан бастап 325 шақырым жолды өттік. ІІІ – жорық 2016 жылдың 11-17 қыркүйек аралығында Алматы облысы бойынша 150 шақырым жол өттік. Бұл жетістігім үшін 1-ші дәрежелі категорияға ие болып, сертификатқа қол жеткіздім, І- дәрежелі туристік –спорттық грамотамен марапатталдым. Жетекшіміз Сардаров О.А., Еспенбетов Н.С., Иргебаев М.И. және жорық барысында жетекшілік еткен 3-ші курс студенті Жуманазаров Азамат пен 2-ші курс студенті Сабидолла Ерсайынның жорық барысында көрсеткен қолдаулары мен айтқан ақыл-кеңестерінің арқасында осындай жетістіктерге жеттім деуге болады.

«Қазақ спорт және туризм академиясы» арқасында үлкен жорықтарға шығып, үлкен жетістіктерге жетуімізге мүмкіндік берген президентіміз Қайрат Қайроллаұлы Закирьянов, ректорымыз Бауыржан Қайратұлы Закирьяновка шын жүректен алғысымды білдіргім келеді. Жорықтарды ұйымдастырып, өту деңгейін қадағалаған деканымыз Иманкулова Татьяна Васильевнаның орасан көп еңбегін де атап өткенім жөн. Бұл адамдардың қажырлы еңбегіне жеміс тілеймін. Осындай ұстаздар көп болса нұр үстіне нұр емес пе. Білім мен салауатты өмір салтын ұштастыра білген академия ұжымы әлі талай білікті мамандарды дайындайтынына сенімім мол.



**Жанабаева Алтынай**

# Академия студенттері жеңіс тұғырында



*Шорт-тректен Солт-Лейк-Ситиде (АҚШ) әлем кубогының екінші кезеңі аяқталды. Бұл жарыста ОСФ 3-8 тобының студенті Абзал Ажғалиев 500 метрге жүгіруде алтын алды. Финалда Ажғалиев үшінші келе жатқан. Соңғы елу метрде алдағы екі канадалық спортшы құлап, Ажғалиев бірінші орынға шығып кетті. Күмісті қытайлық Тяню Хан, қоланы канадалық Шарль Амлен иеленді. Бұған қоса Қазақстан ерлер құрамасы 5000 метрлік эстафетада үшінші орын алды. Алтын мен күмісті Қытай мен Голландия иеленді. Бұл – Қазақстанның шорт-тректен әлем кубогы кезеңінде алған алғашқы медальдары. Әлем кубогының келесі кезеңі 9-11 желтоқсанда Шанхайда (Қытай) өтеді.*

Ұлттық спорт түрлері кафедрасының 4-12 курс студенті **Ерғалиев Еламан** дзюдо күресінен Қазақстан Республикасы Чемпионатында 100 келіден жоғары салмақ дәрежесінде 2 орын иеленді. ҚР Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі, облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы мен облыстық дзюдо федерациясының ұйымдастыруымен өткізілген байрақты бәсекеге Астана, Алматы қалалары мен Республикамыздың барлық облыстарынан 300-ге жуық татами шеберлері қатысты.

Сондай-ақ, аталмыш жарыста 1, 2 орындарды иеленген спортшылар Қазақстан Республикасының спорт шебері атағын орындады. Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлер ҚР Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің диплом, медальдарымен марапатталды.




Allegro

Казахская академия спорта и туризма полна талантливейших людей. Для желающих познать активную студенческую жизнь действуют различные клубы, в том числе танцевальный клуб "Allegro".

14 ноября в актовом зале академии состоялся отчетный концерт этого коллектива. Свой творческий вечер группа посвятила дню рождению Казахской академии спорта и туризма. Гостями концерта были студенты, преподаватели, деканы, проректоры, ректор и президент нашей академии. Программа концерта состояла из двух блоков: первый блок включал в себя зажигательные номера современного направления, второй- модерн с нотками лирики.

Танцевальная группа "Allegro" была создана в 2013 году под руководством хореографа с 23-летним стажем, профессионала своего дела- КукетоваБерика . За три года существования коллектива им были поставлены десятки танцев разных народов и разных стилей. "Allegro" хоть и является молодым коллективом, но уже делает большие успехи. Танцевальная группа является участником различных фестов, мероприятий, концертов академического, городского и республиканского уровня. В коллективе "Allegro" танцуют самые разные ребята. Каждый танцор по-своему уникален! Участники группы учатся по разным специальностям, среди них есть спортсмены и туристы, ребята с разных уголков нашей страны, с разными интересами и взглядом на жизнь, с разными характерами. Но всех этих людей объединяет одно- желание танцевать, что у них неплохо получается!

Следует отметить, что среди танцоров коллектива есть мастера различных видов спорта. Наши танцоры



разрушили миф о том, что спортсмены не пластичны и не имеют чувства ритма. Танцы- это альтернативный вид спорта! Танцы положительно влияют и на здоровье, укрепляют физически, также дарят моральное наслаждение.

Танцы-это удивительный мир, который по силам познать каждому желающему!

***Айгүл Әбекен РДГБ 2-2***




Желтоқсан айында Қазақ спорт және туризм академиясында ҚР баскетбол федерациясы, ҚазСТА және баскетбол академиясының ұйымдастыруымен 1999-2000 жылғы жасөспірімдер арасында халықаралық турнир өтті. Спорттық шара Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігін 25 жылдығына және Олимпиада чемпионы Әлжан Жармұханбетовтің атына құрылған баскетбол академиясына 5 жыл толуына орай ұйымдастырылды. Сайысқа барлығы 4 команда қатысты, олар Баскетбол академиясы, Қазақстан құрама командасы, Қырғыз командасы және Қытайдың Шынжан елді мекенінен келген команда. Іс шараға әр елден келген қонақтар мен белгілі спортшылар қонақ ретінде қатысты. Аталған турнирде 1 – орын Баскетбол академиясына, 2-орын Қырғыз елінен келген командаға, 3- орын Қазақстан құрама командасына бұйырды. Ал, Қытайдың Шынжан елді мекенінен келген команда ойыншылары турнирге қатысқандары үшін арнайы мақтау қағаздарымен марапатталды. Сондай-ақ, шара соңында әр командадан үздік ойыншылар таңдалып оларға арнайы сыйлықтар табысталды.

# Жатақханам-екінші үйім

Студенттік өмір - қиындығы мен қызығы қатар жүретін, адамның есте қалар ерекше кезеңі ғой. Ал осы студенттік шақтың ең қызығы - жатақхана. Мен Қазақ спорт және туризм академиясының 2-курс студентімін. Жатаханада бірінші курстан бастап тұрамын. Әрине, алғашында жатақханаға үйрене алмай жүрдім. Басында үйіме қайтқым келетін. Ал қазір өз үйімдей болып кетті. Бір бөлмеде 4 қыз тұрамыз, апалы-сіңлідей болып кеттік. Жатақханаға келу — менің таңдауым болды. Жатақханадан жаңа достар таптым, емтиханға да тобымдағы студенттер мен бірге дайындаламын. Аптасына кезекшілік кестесін жасаймыз, сол бойынша ас дайындап, бөлмені жинаймыз. Жатаханамыз қаланың орталығында орналасқан, оқуыма, кітапханаға, стадионға және жаттығатын залдарыма да жақын. Алматының кептелісіне тұрмай, қалаған жеріме лезде жетемін. Қаржы жағынанда үнемді. Жолыма ақша кетпейді, пәтер жалдап тұрғаннан әлде қайда арзан. Студенттердің жайлы тұруына тамаша мүмкіндіктер жасалған: қажетті жиһаз, жарық та жайлы бөлмелер, ас үй, кір жуатын бөлме, душқа арнлаған бөлме, оқу залы, медициналық пункт, ғаламтор бөлмесі, Wi-Fi бар. Қысқасы, мұнда сабақты үздік оқуға барлық жағдай жасалған. Бірақ студенттер үйінің тұрғыны арнайы ереже-тәртіпке бағынуы тиіс.

Академия басшылығы студенттер үйінің тұрмыстық жағдайын жақсартуы бойынша жұмыс жасап келеді. Биылғы жылы №4 студенттер үйінің ғимаратына күрделі жөндеу жұмысы жасалды.

Әр жыл сайын жатақхана тұрғындары өз курстастары арасынан Студенттік кеңестің төрайымын таңдайды. Студенттік кеңес төрайымы студенттер мен әкімшілік арасын байланыстырушы буын ретінде жұмыс жасайды.

Екінші анамыздай болып кеткен вахтерша апайларымыз Сәуле апай, Роза апай, Гулья апай, Темірхан аға және комендантымыз Айман апайымызға алғысымыз шексіз. Себебі, ол кісілер біз жатақхана есігін аттағалы бері бізге өз балаларындай қарап, ақыл айтумен, тәрбиелеумен келеді. Бізді туған балаларындай көреді және көмектерін еш уақытта аямайды. Бізге осындай көзқарас танытқаны үшін басымызды иеміз және алғыс білдіреміз!

***Алтынай Жанғазы, КСжәнеЖЖФ 2-5***

СПОРТ ШЕБЕРІ МАСТЕР СПОРТА
“Мастер спорта”-
Собственник АО “Казахская академия спорта и туризма”.
КазАСТ медиацентр
Редактор:
Гульнара Досымшалова
Дизайнер:
Марат Тынышкалиев

Президент Казахской академии спорта и туризма, профессор Кайрат Закирьянов

Телефоны 8(727)292-20-56.
http://www.kazacademsport.kz
e-mail. gulnara_ertai@mail.ru
Газета распространяется бесплатно.
Отпечатано в типографии ТОО “Типография Art DO”
Республика Казахстан, г. Алматы
050018, ул. Натарова 95





Құрметті студенттер!
Сіздерді Академияда талай
жылдан бері жұмыс істеп
келе жатқан вокал үйірмесіне шақырамыз!
Үйірме жетекшісі: Алишер Бурханов